



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы тауар биржаларының
қызметі туралы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Нысанбай Аян Нұрланұлы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы
8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.nysanbai@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-97-80

S.2 Өзектілік- кіріспе

Тауар биржасының қызметі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасындағы биржалық қызметті сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Тауар биржасының қызметі туралы деректер жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде, тауар құрылымы бойынша) қалыптастырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

05.05.2020

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

05.03.2020

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

05.03.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Тауар биржасы бойынша статистикалық деректер жылдық негізде, Қазақстан Республикасы және облыстар бөлінісінде қалыптастырылады.

Мынадай көрсеткіштер қалыптастырылады: Биржалық сауда саны, тауар биржасының тіркелген мүшелерінің саны, биржалық мәмілелер саны, спот-тауарларының саудаға шығарылған көлемі, жасалған мәмілелер бойынша айналым.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1)ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2)ӘҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3)МНЖ - Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші;

Ұлттық статистика бюросының сайтында <https://new.stat.gov.kz/> Негізгі / «Статистикалық жіктелімдер» бөлімінде орналасқан.

S.4.3 Секторлық қамту

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып сауда-саттықты тікелей жүргізу жолымен, оларды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар тапсырады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1)Байқау типі : жаппай, (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 66.11.1-кодына сәйкес)

2)Деректерді жинау құралдарды - "Тауар биржасының қызметі туралы есеп" (индексі 1-Биржа, жылдық кезеңділігі), жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны. Статистикалық нысан қайта қаралды және ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л д і , Б ю р о н ы ң <https://new.stat.gov.kz/respondents/statistical-forms/> ресми сайтында қолжетімді.

3)Анықтама:

биржалық сауда – тауар биржасында Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес электрондық нысанда биржалық сауда-саттық өткізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы жүзеге асырылатын биржалық тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

биржалық сауда-саттықтар – тауар биржасының биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;

биржалық тауар – «Тауар биржалары туралы» ҚР Заңында белгіленген шектеулерді ескере отырып, тауар биржасы биржалық саудаға жіберген стандартталған немесе стандартталмаған тауар;

қосарланған қарсы аукцион режимі – биржалық мәмілелер сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде анонимді түрде жасалатын, ал стандартталған тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;

спот-тауар - шұғыл берілетін немесе алдағы уақытта берілетін, қоймада тұрған тауар;

стандартты аукцион режимі – биржалық мәмілелер төмендетуге немесе жоғарылатуға арналған аукцион барысында сатып алушы (сатушы) – аукционның бастамашысы үшін ең үздік баға бойынша жасалатын сауда режимі;

тауар биржасының мүшесі – «Тауар биржалары туралы» заңында айқындалған тәртіппен тауар биржасы аккредиттеген брокерлер, дилерлер және маркет-мейкерлер;

фьючерстік мәміле – объектісі фьючерс болып табылатын биржалық мәміле;

S.4.5 Статистикалық объект

Тауар биржасы

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау типі : жаппай, Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 66.11.1-кодына сәйкес

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, өңірлері

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда тауар биржаларын зерттеу жыл сайынғы негізде, 2004 жылдан бастап жүргізіледі.

2004-2022 жылдардағы уақыт қатарлары бар

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептелінеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Қазақ теңгесі

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы № 155-IV Заңы.

2.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

4.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

5.Қазақстан Республикасы белгіленген заңнамалық тәртібінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

6.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

7.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

8.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

9.«Биржа саудасының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 727 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12550 болып тіркелді.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2.2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы (МО ИРБП) www.gov.kz сайтында ҚР СЖРА ҰСБ бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасының (МО ИРБП) www.gov.kz сайтында Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде «Негізгі»/ «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушылардың бір мезгілде және тең қол жеткізуі.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді (ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының <https://new.stat.gov.kz/> сайты).

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

1)"Қазақстан Республикасындағы тауар биржаларының қызметі туралы" статистикалық бюллетені Бюроның <https://new.stat.gov.kz/industries/economy/local-market/spreadsheets/> сайтында орналастырылған;

2) Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер Бюроның <https://new.stat.gov.kz/> сайтында "Статистика" (Экономика) - "Ішкі сауда статистикасы" бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйесінің "Ішкі сауда" бөлімінде.

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы N 155-IV Заңы.

2) "Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл" төртінші басылым толықтыру. Бюроның <https://new.stat.gov.kz/methodology/87/> Интернет-ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тауар биржаларының қызметі статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

-алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- тауарлардың стандартты статистикалық класификациясын пайдалану;
 - бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
 - динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;
 - алғашқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру және статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды тексеру
- S.13.2 Сапаны бағалау

Биржа саудасының үлгілік қағидалары "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар - жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Зерттеу жаппай әдіспен жүргізіледі. Деректер тарату және қосымша есептеу коэффициенттерін ескерместен алғашқы есептер негізінде агрегацияланады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттердің ұсыну мерзімінен алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт шамамен 9 күнді құрайды.

Алғашқы нәтижелер есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер бюллетенде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады, нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2022 жылда жарияланым мерзімдері бұзылған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күніне түссе, жарияланым шығарылымы жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2004 жылдан бастап уақыт қатарларының салыстырмалылығы бар.

2004-2022 жылдардағы уақыт қатарлары бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі ұсынған тауар биржаларының тізілімі негізінде зерттелетін бірліктер тобын қалыптастырады, себебі осы қызмет түрін лицензиялауға жауапты мемлекеттік орган.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Қолданылмайды.

S.19 Жүктеме

2022 жылы Қазақстан Республикасында деректермен 15 тауар биржасы есеп тапсырды.

Деректерді жинауды аумақтық статистика органдарының мамандары жүзеге асырады. Электронды түрде және қағаз жеткізгіште респонденттің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Енгізу және өңдеу «Е-статистика» ИАЖ жүйесі арқылы жүзеге асады, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау қарастырылған.

Әкімшілік деректер немесе басқа да көздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Қайта қарау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Деректерді жинау Экономикалық қызметтің негізгі түрімен (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 66.11.1-кодына сәйкес) тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып саудасаттықтарды тікелей жүргізу жолымен оларды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалардың зерттеуіне негізделеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Тауар биржалары бойынша деректер ЭҚЖЖ 66.11.1 бойынша қалыптастырылады.

Тексеру жаппай әдіспен жүргізіледі, бұдан басқа Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің деректерімен салыстырылады.

Статистикалық есептілікті тапсыру онлайн режимде, сондай-ақ қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Өңдеу рәсімдерді агрегатталған және редакцияланған деректерді қамтиды.

1)сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;
2)респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау жүзеге асырылады. Осы мақсатпен нысанның әрбір бөлімінің ішінде енгізу қателерін жоюға мүмкіндік беретін логикалық бақылау жүйесі құрылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу.